

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»

Талапкер 2024 ж.

✓ БАКАЛАВРИАТ

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шектік балл
«Өнертану»	6B02128 - «Кинотеледраматургия»	Қазақ Орыс	Жалпы орта н/е кәсіптік мектеп және колледж	Жоқ	75 грант және ақылы

• 6B02128 «КИНОТЕЛЕДРАМАТУРГИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:

«Кинотеледраматургия» білім беру бағдарламасы:

- драматургтерді;
- киносценаристерді;
- кино-, бейне-, телестудиялар және басқа да кино, театр ұйымдарының редакторларын;
- лицейлердің, колледждердің, жоғары оқу орындарының кинотеледраматургия педагогтарын дайындайды.

«Кинотеледраматургия» білім беру бағдарламасының негізгі пәндері: мамандыққа кіріспе, киносценарий шеберлігі, драматургия теориясы, қазақ драматургиясының тарихы, әлемдік драматургия тарихы, т.б. Студенттер сондай-ақ әдеби редакциялау мен баспа ісінің негіздерін, сценарий мен фильмді редакциялауды, кинорежиссура, кинооператорлық шеберлік негіздерін, бейнелеу өнерінің тарихын, фильмнің бейнелеу шешімін түсініп, шығармашылық психологиясын және кино әлеуметтануын, фильмтану (кино архив), теледидар тарихы мен практикасын зерделейді.

«Кинотеледраматургия» мамандығына түсушілер үшін «Өнертану» кафедрасы жыл бойы және шығармашылық емтихандарға дайындық кезеңінде консультациялар өткізеді. Консультацияның мақсаты – қабылдау шарттарымен танысу, осы мамандыққа түскісі келетіндердің қабілеті мен дайындық деңгейін анықтау. Консультация барысында талапкердің таңдаған мамандығын игеру мүмкіндігіне қатысты ұсыныстар беріледі.

Шығармашылық емтихандар:

- 1. Бірінші шығармашылық емтихан** (Билеттегі тақырып бойынша эссе жазу; уақыты - 5 сағат)
- 2. Екінші шығармашылық емтихан** (ауызша; билет сұрақтары бойынша)

Бірінші шығармашылық емтиханға (эссе жазу) қойылатын талаптар:

Бірінші шығармашылық емтиханда талапкерлер билетте берілген тақырып бойынша эссе жазады. Эсседе талапкер тақырып бойынша түсінігін немесе сол тақырыпқа қатысты бір оқиғаны баяндауы керек. Талапкердің сөйлем құрауы, баяндау ерекшелігі, тың ой тастап, шығарманың құрылымын ойластыруы, т.б ескеріледі. Эссе жазу барысында әдебиетке, шығарма жазуға қабілеті мен машыған көрсете алуы тиіс.

Екінші шығармашылық емтиханға (ауызша - билеттер бойынша) қойылатын талаптар:

Емтихан билеттерінде қазақ әдебиетінің тарихы, әлемдік және отандық драма өнерінің бүгінгі жағдайы, әлем және қазақ киносының белгілі шеберлерінің, заманауи режиссерлердің кинодраматургтердің шығармашылығы бойынша сұрақтар қамтылады. Сондай-ақ, талапкердің жеке қасиетін, қабілетін және жалпы мәдени деңгейін анықтау, ұлттық әдебиеттің, мәдениеттің, кино және театр өнерінің қазіргі жағдайы туралы қаншалықты хабардар екенін білу үшін қосымша сұрақтар қойылады. Емтихан кезінде талапкердің дүниетанымына, оның таңдаған мамандығының эстетикалық және әлеуметтік рөлі туралы идеяларына көңіл бөлінеді.

Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>II</i> шығармашылық емтихан
45-50	Эссе абсолютті сауатты жазылуы; жоғары деңгейдегі көркем ойлау қабілетін көрсету; Сөйлем құрау, сөз қолданыс, диалог құру; көркем шығарма жазудың әдіс-тәсілдерін дұрыс қолдана білу.	45-50	Билеттің барлық сұрағына толығымен өте жақсы жауап берген, драматургия және өзге өнер түрлерінің материалын толық, өте жақсы меңгеру, білімі мен талабын, шығармашылық қабілетін жан-жақты көрсету, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларын оқып, өте жақсы меңгеру, ойын анық, сенімді, жүйелі жеткізе білу.
40-44	Эссенің сауатты жазылуы, көркем ойлау қабілетін көрсете алуы; сөйлем құрау, сөз қолданыс, диалог құру; көркем шығарма жазудың әдіс-тәсілдерін дұрыс қолдана білу.	40-44	Билет сұрақтарына жақсы жауап беру, драматургия саласының маңызды тұстарын жақсы меңгеру, білімі мен талабын көрсету, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларымен жақсы таныс болу, ойын анық, сенімді, жүйелі жеткізе білу.
35-39	Эссенің басым сюжеттік баяндаудан құрылуы; ұсақ детальдарды «сөйлете» алу; көркем шығарма жазудың кейбір әдіс-тәсілдерін дұрыс қолдана білу;	35-39	Билет сұрақтарына орташа деңгейде жауап беру, драматургия саласының маңызды тұстарын меңгеру деңгейінің жақсы болуы, біліміне қатысты сұрақтарға жауап беруде кейбір олқылықтардың болуы, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларымен таныс болу, ойын анық жеткізе білу.
30-34	Эссенің басым сюжеттік баяндаудан құрылуы; Ұсақ детальдарды «сөйлете» алу шеберлігінің әлсіздігі; ортаны бақылу қабілетінің аса жоғары болмауы; кейбір грамматикалық, стилистикалық қателердің кездесуі.	30-34	Билет сұрақтарына жауап беру (бірақ толық емес), драматургия саласының материалын меңгеру деңгейінің орташа болуы, білімі мен талабына қатысты сұрақтарға жауап беруде кейбір олқылықтардың болуы, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларымен таныс (бірақ жеткілікті деңгейде емес), ойын анық жеткізе білу.
25-29	Эссенің басым сюжеттік баяндаудан құрылуы; Эссенің құрылымына, ұсақ детальдардың көптеп қосылуына көңіл бөлмей, кейіпкерді аша алмау; эссе	25-29	Билет сұрақтарының барлығына толық жауап бере алмау, драматургия саласының материалын меңгеру деңгейінің орташа болуы, біліміне қатысты

	жазуда аздаған грамматикалық, стилистикалық қателіктердің болуы.		сұрақтарға жауап беруде біраз олқылықтардың болуы, қазақ және әлем әдебиетімен таныстығының жеткіліксіз болуы.
20-24	Эссенің басым авторлық баяндауға құрылуы сюжеттің қосылмауы; ортаны тану қабілеті мен білімі, талабының жеткіліксіздігі; эссе жазуда біраз қателіктердің жіберілуі.	20-24	Билет сұрақтарының кейбіріне ғана жауап беру (онда да толық емес), драматургия саласының материалын меңгеру деңгейінің орташа болуы, біліміне қатысты сұрақтарға жауап беруде елеулі олқылықтардың болуы, қазақ және әлем әдебиетіне қатысты сұрақтарға жауап бере алмау.
15-19	Эссе жазу дағдысының төмендігі; мамандық бойынша түсінігінің жеткіліксіздігі; ортаны тану қабілеті мен білімі, талабының жеткіліксіздігі; грамматикалық, стилистикалық қателіктердің көп болуы.	15-19	Билет сұрақтарына жауап бере алмау, драматургия саласының материалын меңгеру деңгейінің ортадан төмен болуы, қабілеті мен білімін, талабын толық көрсете алмау, ойын жүйелеп жеткізе алмау.
10-14	Эссе жазудағы елеулі қателіктердің көп болуы; драматургия өнері бойынша түсінігінің төмендігі; шығарманы жазу талабын көрсете алмауы.	10-14	Билет сұрақтарына мүлдем жауап бере алмау, драматургия саласы бойынша білімінің төмендігі, қабілеті мен талабын көрсете алмау, сұрақтарға жауап беру барысында елеулі қателіктер жіберу, ойын жеткізе алмау.
5-9	Эссе жазу дағдысының мүлдем болмауы; драматургия мандығы бойынша түсінігінің төмендігі; шығарма жазуы талабын көрсете алмауы. Жазу тәсілін игермеуі.	5-9	Билет сұрақтарына жауап бере алмау, мамандық бойынша таным-түсінігінің мүлдем жоқ болуы, қабілеті мен білімін, талабын көрсете алмау, қойылған сұрақтарға жауап бере алмау, ойын жүйелі жеткізу қабілетінің болмауы.
0-4	Емтиханнан өтпейді	0-4	Емтиханнан өтпейді

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: onertanu@mail.ru

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com